

Жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 9 қазандағы № 361 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 13 қазанда № 37106 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 252-бабының 3-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

А. Султанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 9 қазандағы № 361
бұйрығымен бекітілген

Жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 252-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесінің тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Табиғи ортада мекендейтін жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдері деп табиғи мекендеу ортасынан дарақтарын алмай, алынатын балықтардың уылдырығы мен шоғалы, сондай-ақ балықтардың және басқа да су жануарларының шырышы мен нәжісі түсініледі.

2-тарау. Жабайы жануарлар тіршілігінің өнімдерін пайдалану мақсатында оларды пайдалану тәртібі

3. Балық популяциясының саны мен өсімін молайту әлеуетін сақтауды қамтамасыз ету.

4. Балықтар тіршілігінің өнімдерін алу кезінде оларға негізсіз зиян келтіруге жол бермеу.

5. Экономикалық тиімділіктен гөрі өсімді молайту мен тұрақты пайдалану басым болуы тиіс.

6. "Қазақстан Республикасының Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау (оның ішінде Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция бойынша).

7. Балықтар тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында оларды пайдалану кезінде мыналарған жол берілмейді:

- 1) балықтар мен басқа да су жануарларын табиғи мекендеу ортасынан алу;
- 2) олардың паналау орындарын және басқа да құрылысжайларды қирату;
- 3) балықтар мен басқа да су жануарларын көбею (уылдырық шашу) кезеңінде мазалау;
- 4) балықтар мен басқа да су жануарларының мекендеу ортасын бұзу және олардың көбею жағдайларын нашарлату;
- 5) жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің қырылуына, санының қысқаруына немесе мекендеу ортасының бұзылуына алып келуі мүмкін әрекеттер;
8. Тіршілік өнімдерін алу процесі балық және басқа да су жануарларының қырылуына жол бермейтін, ізгілік әдістермен жүргізіледі.

Табиғи түрде балықтар мен басқа да су жануарларынан табиғи түрде бөлінетін жинақ (уылдырық, шоғал, шырыш, нәжіс) қолдан ұрықтандыру әдістерін қолдану немесе іш қуысын ақырын басу арқылы ағзаға зиян келтірмей жиналады.

9. Балықтар мен басқа да су жануарлары тіршілігінің өнімдерін алу рәсімі дарақтарды табиғи мекендеу ортасынан алмай аяқталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК